

Директорлар кеңесі мүшесінің үндеуі

Құрметті оқырмандар,

Он жыл бұрын алғашқы Тұрақты даму саласындағы есеп «Тұрақты болашаққа жол» деген тақырыппен жарық көрген еді. Бүгін сіздердің алдарыңызда оныншы шығарылым тұр. Осы он жыл ішінде тұрақты даму күн тәртібі есеп тақырыбынан Қордың Даму стратегиясының үш тірегінің біріне айналды — активтерді басқару және бәсекелестікті дамытумен қатар.

Бұл мерейлі шығарылымның тақырыбы жасанды интеллект болуы белгілі бір символдық мәнге ие. Қор үшін бұл жай ғана технологиялық тренд емес, ұзақ мерзімді тұрақты дамудың маңызды элементі әрі негізі. Қор шешімдер көбіне үлкен деректерді талдауға сүйенетін жүйені дәйекті түрде қалыптастырып келеді, бұл болашақта икемді, тұрақты және бәсекеге қабілетті болып қалуға мүмкіндік береді. Бұл басқару сапасын арттыруға, адам факторының әсерін төмендетуге және одан әрі өсу үшін берік негіз қалыптастыруға бағытталған жүйелі өзгерістің бір бөлігі.

Бүгінде «Самұрық-Қазына» АҚ активтерінің құны бойынша әлемдегі ірі егемен қорлар арасында 22-орында тұр. Біз үшін жүйелі қайырымдылық ерекше маңызға ие. Қор тобы жыл сайын таза табысының 7%-ын өткір әлеуметтік мәселелерді шешу үшін «Қазақстан халқына» қоғамдық қорына бағыттайды. Бұл қаражат атаулы көмекке: қымбат дәрі-дәрмектерді сатып алуға, ерекше қажеттіліктері бар балаларды қолдауға және өңірлердегі білім беру инфрақұрылымын дамытуға жұмсалады.

Алайда, қаржылық көрсеткіштер біз үшін өндірістік қауіпсіздіктен ажырамайды. LTIF жарақаттану коэффициентінің 0,12-ге дейін төмендеуі — Қордың кәсіби кемелдігінің оның табыстылығымен теңдей маңызды индикаторы.

Халықаралық серіктестердің сенімі ақпаратты ашудың әлемдік стандарттарын ұстанбай мүмкін емес. Көрсеткіштерімізді сырттай растау және Global SWF (2025 жылы 10 балдан 9 балл) сияқты жаһандық институттардың жоғары бағалары: «Самұрық-Қазына» АҚ әлемнің жетекші егемен қорларының деңгейіне сәйкес екенін растайды. Жеті ірі компаниямызда ESG-рейтингтердің болуы — жай ғана формальдылық емес, олардың жаһандық нарықтардағы бәсекеге қабілеттілігінің расталуы.

Қордың Қоғамдық кеңесінің төрағасы ретінде мен оны қажетті теңгерім және кері байланыс құралы деп есептеймін. 2025 жылы біз алты отырыс өткіздік, оның ішінде өңірлердегі көшпелі кездесулер де болды. Әлеуметтік жауапкершілік, энергетикалық және инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру мәселелері сараптамалық қауымдастықпен тікелей диалогта талқыланды. Мен үшін бұл жұмыс Директорлар кеңесіндегі қызметті толықтырады: бұл Қорға қоғамның күтулері тұрғысынан қараудың тәсілі.

Біздің мақсатымыз өзгеріссіз қалуда: ашықтық пен тиімділік қағидаттарына сүйене отырып, ел ресурстарын болашақ ұрпақ үшін ұзақ мерзімді әл-ауқатқа айналдыру.

Жәмішев
Болат Бидахметұлы

Директорлар кеңесінің мүшесі,
«Самұрық-Қазына» АҚ Тәуелсіз
директоры

